

*Ғылыми жетекші — И. М. Исаков, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **ТЕРРОРИЗМНІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ**

Қазіргі әлемде терроризм идеясының пайда болуы және оның таралуы бірден-бір қатер. Бұл идея мемлекеттің іргетасын шайқалтуға, түптеп келгенде, әртүрлі елдердің мәртебесін өзгертуге, қорқыныш туғызуға, саясатты күштеу әдістері мен өзгертуге бағытталған. Бүгінгі таңда қауіпті ауқымда қатерлі салдар тудыратын деңгейге жеткен терроризм саяси-құқықтық құбылыс ретінде ғаламдық күрмеуі қиын мәселеге айналды. Адамзат оған екі ғасырдың тоғысында кезікті.

Мәселенің мәнін қарастыруға кіріспестен бұрын терроризм ұғымын анықтап алған жөн сияқты. Терроризм — өзінің жалпы ұғымын және ерекшелікті белгілерін анықтауда объективтік тұрғыдан қиындық туғызады. Субъективтік сипаттағы қиыншылықтар мынандай себептерден шыққан. Біріншіден, терроризм құбылыс ретінде философиялық, саяси, тарихи, психологиялық, құқықтық, публистикалық және басқа қырлары арқылы зерттеледі. Зерттеушілердің бәрі (тарихшылар, саясаттанушылар, психологтар және т. б.) аталмыш құбылысты өз көзқарасы тұрғысынан қарастырып, «терроризм» ұғымына өз түсініктемелері берді. Сонымен қатар әдебиеттерде оны кәдімгі әдеттегі түсіндіру басым болды. Екіншіден, терроризм ұғымын жасауға екі қоғамдық-саяси жүйенің жылдар бойы қордаланып қалған идеологиялық-саяси қарама-қайшылығы ықпал етті. Терроризм — көбінесе коммунистік және ұлт-азаттық қозғалыстары деп немесе керісінше, империалистік мемлекеттер мен олардың арнайы қызметтерінің зиянкестік әрекеттері деп түсіндіріліп келді. Осыған орай терроризмді саяси — құқықтық құбылыс ретінде қарастыру алдымен «террор» мәтінінің өзін анықтаумен тығыз байланысты. «Террор» (террор) ұғымы латын тілінен аударғанда (қорқыныш, үрей) мағынасында айтылады және зәре ұшыратын саясат, саяси қарсыласына күштеу шаралары мен қысым көрсету ретінде анықталады. Террорды әдетте белгілі бір кезеңде өмірсүрген мемлекеттің (мемлекеттік террор) билік қызметімен байланыстырады. Ол ерекше қуғын-сүргінмен, мемлекеттік биліктің ел ішіндегі саяси құрылыстарына (ішкі террор) және оның сыртындағы қарсыластарына (сыртқы террор) қыр көрсету қызметімен сипатталады. «Террор саясаты», «бұқаралық террор», «жаппай террор» дегендер жалпы террор ұғымына жатады. «Соғыс», «агрессия», «геноцид», т. б. ұғымдар да террор категориясына ұқсас.

Қазіргі кезде ақпарат құралдары да, көптеген саясаткерлер терроризмді ХХІ ғасырдың апаты деп бағалауда. Бірақ оның белең алуына байланысты туындаған ой шығар. Ал шын мәнінде оның түпкі тамыры тереңде жатыр. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев «Терроризмнің айдаһары қашан да болған және өз қарсыластарына ұдайы арамзалықпен соққы беріп отырған. Алайда дәл қазіргідей ашық та ауқымды болып көрген емес. Халықаралық терроризм осы уақытқа дейін болған және қазіргі бар ғаламдық өңірлік қауіпсіздіктің бәрін торпедалап бітті», — дейді<sup>1</sup>.

Капиталистік және социалистік лагерь кезінде, біз өмір сүрген КСРО-да терроризм көбіне АҚШ пен Израильға байланысты айтылатын еді. Терроризм сионизм деген атаумен қатар

аталатын. Израиль мемлекетінің кешелі-бүгінгі басшыларының ішінде сионистік ұйымдарда болмағаны кемде кем. Экс премьер-министр, кезінде псевдосоциалистік сионистік партияны басқарған А. Шарон бір кезде: «Егер менің қолымда өзім ойлағандай билігім болса, ақылды, біздің идеяларымызға берілген еврейлерді құтқаруға (кімнен екені белгісіз) шын жан-тәнімен күштар бар топ мықты жастарды іріктеп алып, еврейлер мәз-майрам болып күнәһарлық батпағына батып жүрген елдерге жіберер едім. Ол жастардың міндеті еврей емес, басқаның кейпіне келіп, сосын «Иіс-қоңыс Еврейлер!», «Еврейлер, Палестинаға тайып тұрындар деген антисемиттік ұрандармен сондағы еврейлерді қудалау болар еді», — деген<sup>2</sup>. Терроризмнің тамыры тереңде жатыр. Бірақ оның «гүлдену» дәуірі өткен XX ғасырдан басталған еді. Оның дәлелдері 1972 жылы 5 маусымда АҚШ-тың Лос-Анджелес театрында Украинаның би ансамблінің гастролі кезінде театрға жарылғыш зат қойылған. Ал 1975 жылы БҰҰ жанындағы КСРО-ның тұрақты өкілдігі атқыланды. Тек 1981 жылдың үш айының ішінде Нью-Йоркте, Вашингтонда бес рет террористік әрекет жасалды. Бірақ мұның бәрі «кеңестік антисемитизмге қарсы күрес», «еврейлердің құқын қорғау» деп аталды. Осылайша қоғамның дамуында ұлтаралық қатынастардың дұрыс шешілмеуінен, халықтың әлеуметтік проблемаларының занды түрде толық шешімін таппағандығынан күштеу, зорлау, үрейлендіру әрекеттері әлі бәсеңдемей жалғаса беруде<sup>3</sup>.

Ал қазіргі кездегі терроризм кешегі терроризм емес. Оның көптеген анықтамасы бар. Біреулер терроризмді әлеуметтік құбылыс деп санаса, келесілері басқа пікір айтады. Ал бүгінгі терроризм белгілі мақсат пен міндетті жүзеге асыру үшін күш көрсету идеологиясын тұғыр етеді. Терроризм көзқарастар мен идеялардың емес, әрекеттердің жүйесі, өйткені ол кара басының қамын күйттемейді. Ол өзінен-өзі әлеуметтік құндылық бола алмайды, алайда қызмет көрсетудің бір түрі ретінде айтарлықтай әрекетшілдік пен сұранысқа ие.

Терроризмнің таралуына дүмпу қарымы сақталынып отырған нәсілшілдік пен ұлтшылдық идеялары нәр беруде. Ұлтшылдықтың кез келген түрі терроризмнің таралуына қолайлы негіз болатынына ешқандай күмән жоқ. Бір ұлтқа екінші ұлттың үстемдігін орнату үшін ұлтшылдар терроризмді қолжаулық етуі әбден мүмкін.

Бүгінгі өмірде терроризмнің таралуының себепшісі ретінде діни фундаментализм жиі-жиі ауызға алынады. Фундаментализм өзінің нақты мәнінде белгілі бір ілімнің түпкі принципін сақтауға ұмтыла отырып, даму барысындағы ауытқушылықтарды жеңуді білдіреді.

Терроризм — жаһандық проблема және оның тамыры өте терең...

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Сындарлы он жыл. — Алматы, 2003.

<sup>1</sup> Терроризм-қасірет // Ана тілі. 2002. 7 қараша.

<sup>1</sup> Президент Джордж Бушді октябрь 2001 г. (Террористическая сеть). — Алматы, 2001, 1-бет.

---

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Сындрлы он жыл. — Алматы, 2003.

<sup>2</sup> Терроризм-қасірет // Ана тілі. 2002. 7 қараша.

<sup>3</sup> Президент Джордж Бушті октябрь 2001 г. (Террористическая сеть). — Алматы, 2001, 1-бет.